

Тағамға биологиялық белсенді қоспаны қолдану жөніндегі

НҰСҚАУЛЫҚ

Миофолик

Дәрілік зат емес.

1 сашенің ішінде.

Белсенді заттар: мио-инозитол – 1500 мг (300 %¹), кальций (кальций лактаты – 62 мг (6,2 %¹), (6S)-5-метилтетрагидрофолий қышқылының глюкозамин тұзы түріндегі фолий қышқылы – 200 мкг (50 %¹), В12 дәрумені (цианокобаламин) – 2,5 мкг (83,3 %¹); қосымша зат: кремнийдің костотығы Е551.

Белсенді компонентінің атауы	1 сашедегі мөлшері	Талапқа сай тұтынылу деңгейінің %-ы*
Мио-инозитол	1500 мг	300 %
Кальций (кальций лактаты)	62 мг	6,2 %
Фолий қышқылы ((6S)-5-метилтетрагидрофолий қышқылының глюкозамин тұзы)	200 мкг	50 %
В12 дәрумені	2,5 мкг	83,3 %

* – Талапқа сай тұтынылу деңгейінің %-ы, ЕурАзЭО Кедендік Одағының «Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын тауарларға қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптары».

1 сашенің нетто салмағы – 2,0 г ($\pm 5\%$).

Белсенді заттар:

- Мио-инозитол
- Кальций
- В12 дәрумені
- патенттелген, метаболикалық белсенді (6S)-5- метилтетрагидрофолат түріндегі фолий қышқылы

Мио-инозитол етеккір оралымы мен овуляцияның қалыпқа түсуіне, ағзаның ұрпақ өрбіту жүйесінің қызметіне және эмбрионның дұрыс дамуына қатысады, ағзалар мен жүйелердің жалпы метаболизмін жақсартады.

Мио-инозитолдың негізгі функциясы жасушаішілік сигнал берілісіне және инсулин рецепторларының, репродуктивтік гормондардың, өсу факторларының, катехоламиндердің қызметін қамтамасыз етуге қатысу болып табылады.

Мио-инозитолды ұрпақ өрбіту және жүрек-қантамыр жүйелерінің қызмет атқаруын, иммунитет пен орталық жүйке жүйесін демеп отыру, қанттар метаболизмін, бүйрек пен бауырдың қызметін жақсарту, қан плазмасындағы тестостерон мен пролактин деңгейін қалыпқа түсіру үшін қолданады. Мио-инозитол аналық бездердің поликистозы синдромы кезінде; фертильділікті жақсарту үшін; II типті диабет және инсулинге резистенттілік кезінде; жеткіліксіз немесе теңгерімсіз тамақтану жағдайында; созылмалы гепатиттер мен бауыр аурулары кезінде қосымша құрал ретінде; гиповитаминоздың профилактикасы үшін қолданылады.

Мио-инозитол адам организміне төмендегідей әсерін тигізеді:

- фертильділіктің жоғарылауына ықпал етеді;
- етеккір оралымы мен овуляцияның қалпына келуіне ықпал етеді;
- жыныс жасушаларының жетілуі мен сапасын, жетілген түрлерінің шығымын жақсартады;
- инсулинге сезімталдықты жақсартады;
- теріге қатысты кейбір қиындықтардың жойылуына және дене мен беттегі түктердің шамадан тыс өсуінің азаюына ықпал етеді;
- иммундық, жүрек-қантамыр және жүйке жүйелерінің, бүйрек пен бауыр функциясын демеп тұрады.

Миофолик құрамындағы **фолий қышқылы** метаболикалық белсенді түрі – 5-метилтетрагидрофолат түрінде келеді, ол әдетте тамақтың және көптеген препараттардың құрамында болатын фолий қышқылына қарағанда, организмдегі қосымша өзгерістерді қажет етпейді.

Фолат ((6S)-5-метилтетрагидрофолат) кейбір гормондар мен гормонтәрізді заттардың метаболизмін демен отыруға маңызды рөл атқарады, жасушалардың бөлінуі үдерісінне қатысады, қан түзу және иммундық жүйелердің өсуі мен дамуы үшін қажет.

Фолий қышқылы жасушаларды қалыптастыру және сау қалпында ұстап тұру үшін де қажет, сондықтан оның болуы, әсіресе, организмнің жылдам даму кезеңдерінде – бастапқы құрсақішілік даму сатысы мен балалық шақта маңызды. Фолий қышқылы шарананың жүйке жүйесінің қалыптасуына қатысады, жасушалардың бөлінуі, барлық ағзалар мен тіндердің өсуі мен дамуы, эмбрионның және қан түзілу үдерістерінің қалыпты дамуы үшін қажет болып табылады.

V12 дәрумені фолий қышқылының өте жақсы сіңірілуін қамтамасыз ету үшін қажет, ол оның әсерін күшейтеді және толықтырып отырады.

V12 дәрумені иммунитеттің жақсаруына жауап береді, тиісінше энергетикалық алмасуды демеп отыруға көмектеседі, анемияның пайда болуына бөгет болады, ұрпақ өрбіту функциясының реттелуі үшін маңызды болып табылады, қан түзу ағзаларының қызметінде маңызды рөл атқарады, жүйке жүйесін сау қалпында ұстап тұрады, зейін қою мен есте сақтауға ықпал етеді, ашушандықты азайтады.

Кальций. Энергетикалық теңгерімнің бұзылуынан бөлек, АПКС кезіндегі метаболикалық бұзылулар мен аналық бездер дисфункциясының дамуында кальций жеткіліксіздігі сияқты фактор рөл атқарады, ол семіздікпен және инсулинге резистенттілікпен қатар, АПКС асқынуларының кең ауқымын білдіреді. Кальций жасушалардың бөлінуі және дифференциациясы, жүйке импульстерінің өтуі, тегіс және көлденең жолақты бұлшықеттің жиырылуы-босауы циклдарын, жарғақшаішілік иондық реакцияларды, нейросекреторлық ағзалардың қызметін қамтамасыз ету сияқты өмірлік маңызы бар үдерістердің бірқатарында шешуші рөл атқарады, кейбір гормондар, ферменттер және басқа биологиялық белсенді заттардың өндірілуі мен сигналының өтуіне қатысады. Зерттеулер кальцийдің ооцит жетілуінде, фолликулдар дамуының басталуы мен ілгерілеуінде рөлі барын көрсетті. Кальций тапшылығы семіздік пен II типті қант диабеті дамуының ықтимал қауіп факторы болып есептеледі.

Миофолик құрамында сиыр сүтінің ақуыздары, лактоза, тәттілендіргіштер жоқ, сондықтан да, аталған заттарды көтере алмаушылығы бар адамдардың қолдануына болады.

Қолданылу саласы: ересектерге тағамға биологиялық белсенді қоспа – мио-инозитолдың көзі, фолий қышқылының, В12 дәрумені мен кальцийдің қосымша көзі ретінде.

Қолдану жөніндегі ұсынымдар.

Миофолик әйелдерде ұрпақ өрбіту функциясын жақсарту, гормондар теңгерімін қалыпқа түсіру үшін; овуляцияның қалыпқа түсуіне және аналық бездердің поликистозы синдромы (бұдан әрі – АПКС) кезінде овуляцияның өздігінен стимуляциялануына атсалысу үшін; жыныс жасушаларының жағдайын жақсарту; тері мен шаштың сыртқы түрін жақсарту үшін; организмді жалпы нығайту үшін қолданылады. Тағамға биологиялық белсенді қоспа алуан түрлі диеталар мен теңдестірілген тамақтануды алмастыра алмайды.

Миофоликті қолдану көрсетілімдері:

- АПКС бар әйелдердегі ановуляторлық бедеулікте;
- ооциттердің жетілмеуінде;
- овуляция болмағанда;
- АПКС бар әйелдердегі инсулинге резистенттілікте;
- гиперандрогенияда (гирсутизмде), дисменореяда (олиго-/аменореяда);
- ооциттер сапасы төмен болғанда, және соның салдары ретінде, эмбриондар сапасы төмен болғанда;
- аналық бездердің поликистоздық өзгерістерінде;
- аналық бездердің мерзімінен бұрын сарқылуы синдромының профилактикасы үшін преждевременного истощения яичников;

- АПКС бар пациент әйелдердегі гестациялық қант диабетінің бастапқы профилактикасы үшін;
- АПКС кезіндегі макросомияның профилактикасы үшін;
- жүктілікке дайындық кезінде және жүктіліктің бастапқы мерзімдерінде шараның даму ақауларының профилактикасы үшін;
- АПКС бар пациент әйелдерде жүктіліктің ерте мерзіміндегі түсіктердің бастапқы профилактикасы үшін.

Қолдануға болмайтын жағдайлар.

Биологиялық белсенді қоспаның кез келген компонентіне аллергия болған жағдайда пайдаланбаңыз. Күн сайын тұтыну үшін ұсынылған мөлшерін арттырмау керек

Қолданар алдында дәрігермен кеңесу ұсынылады.

Қолдану тәсілі.

Күніне 1 сашеден. Сашенің ішіндегісін бөлме температурасындағы 200 мл суда ерітіп, әбден араластыру және дайындағаннан кейін бірден ішу керек. Қабылдау ұзақтығы: 3 айдан 6 айға дейін.

Сақтау шарттары.

Түпнұсқалық қаптамасында, құрғақ және жарықтан қорғалған жерде, 0-ден 25 °С-ге дейінгі температурада сақтау керек. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.

Жарамдылық мерзімі. 2 жыл.

Шығарылу түрі. Сашеде 2,0 г ($\pm 5\%$) ұнтақтан; 30 сашеден картон қаптамада.

Өткізу шарттары.

Дәріханалар желісі және арнайы дүкендер, сауда желісінің бөлімшелері арқылы сатуға арналған.

МТС № АМ.01.48.01.003.Р.000117.07.19 ж. 29.07.2019.

Өндіруші. Эфферта Сп. з о.о. Сполка Командытова, Гданский к-сі 3, Чонсткув Мазовецки, 05-152 Чоснув, Польша Танацетум с.р.о., Швабинского 1700/4, 702 00 Острава, Чех Республикасының тапсырысы бойынша.

Өтінім беруші. Амакса Фарма ЛТД, 72 Хаммерсмит Роад, Лондон, W14 8TH, Ұлыбритания.

EAC

